

Ж.Ш. Жумагелдин^{1*}, Ж.Ж. Жарылғапов¹, Ж.Қ. Смагулов¹

¹Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(e-mail: zhanaidar.zhumageldi@mail.ru)

Тотемдік наным-сенімдер және әдебиеттегі анималистік образдар

Мақалада қазақ әдебиетіндегі тотемизм ұғымы туралы сөз болады. Оның әдебиеттану ғылымындағы анималистика жанрымен байланысы, зерттелу деңгейі, мифтермен үндестігі, ерекшеліктері, жасалу жолдары, көріністері туралы жан-жақты талдаулар жасалынады, қазақ дүниетанымындағы таным-түсініктерден мысалдар келтіріле отырып ғылыми стильде талданады. Сонымен қатар әлемдік әдебиеттану ғылымындағы аталған терминдерге қатысты ғалымдар пікірі негізге алына отырып, салыстырмалы-салғастырмалы әдіс кеңінен қолданылды. Мақаланың мақсаты — әлем ғалымдары арасында тотемдік сана жөнінде әртүрлі көзқарастар болғандығы, сондай-ақ әр халықтың тотемдік танымында айырмашылықтар мен үндестіктер бар екендігін мысалдармен дәлелдеу. Зерттеудің жаңалығы — тарихи-салыстырмалы әдісі қолдану арқылы әлем халықтарының наным-сенімінде жан-жануарларға байланысты дүниетанымның ұқсас болғандығы анықталды. Тотемизмнің көптеген әлеуметтік қауымдастықтарға, ұлттар мен тайпаларға әсер еткені, оның психологиясына, этникалық топтардың мәдени дәстүрлеріне және мінез-құлқына ықпал еткендігі көркем әдебиет мысалдарында көрсетілді. Мақалада тотемдік наным-сенімдердің пайда болуымен қалыптасқан анималистік образдардың шығу негізі, генезисі тарихи фактілер негізінде талданды. Қазақ әдебиетіндегі анималистік образдардың жасалу жолдары қазақтың дүниетанымымен сабақтастырыла қарастырылды. Сондай-ақ төрт түлік малдың қазақ әдебиетінде ерекше рөл атқаратыны, төрт түлік мал пірлерінің тотемдік сипаты қазақ фольклорында, қазақ халық ауыз әдебиеті жанрларында жақсы дәріптелгені дәлелденеді. Қазақтың батырлық эпостарындағы үй жануары — тұлпардың батырлардың ұлы жорықтарында сенімді серігі болғандығы батырлық жырлардан мысалдар арқылы көрсетіледі. Қазақ әдебиетіндегі жануарлар әлемінің қазақтың болмыс-бітімімен тұтастанып, кірігіп кеткені соншалық, антропоморфизм тәсілі арқылы жануарлардың қасиеті, болмысы, сыр-сипаты адам болмысымен ұқсастырылып суреттелуі қазақ әдебиеті туындыларында, тұтастай алғанда, әлем әдебиетінің туындыларында көрініс беріп, сипатталуы заңдылық екендігі мақала барысында жан-жақты талданады. Ұлттық әдебиетіміздегі анималистік образдардың негізінде жатқан тотемдік ұғымдар алғашында тайпалардың атына беріліп, рулық тұтастануға ықпал еткен. Оның өзі өзгеріске түсе келе, әр рудың қасиетті ата-бабалары тотем тектерге айналған. Осыдан келіп киелі адамдар туралы ұғым қалыптасқан, адамдардың атын қоюда киелілік мәнге ауысқан. Мақалада осы мәселеге де мән беріліп, тотемдік аңдардың (таутеке, қошқар, жылқы, түйе, бөрі, арыстан, айдаһар, бұғы, қарға мен бүркіт т.б.) бейнелері салынған қылыштар, жүген, ер-тоқым, белдік, қанжарлардың киесі бар деген таным тарихи деректер негізінде сарапталды.

Кілт сөздер: әдебиеттану, қазақ әдебиеті, тотемизм, жануарлар, анималистік образ, зооморфтық бейнелер, мифология.

Kipicne

Адамзат жаратылысымен бірге пайда болған анималистік, тотемдік, магиялық, космогониялық діни ұғымдардан бастау алған этностық наным-сенімдеріміздің шығу тегін және түрлі жанрлық ерекшеліктерін жан-жақты жүйелей зерттеу — өте күрделі мәселе. Ол бір ғана зерттеудің дәрежесінде аяқталмайды. Сондықтан зерттеу мақаламызда халқымызбен сіңісіп, күнделікті қолданысымызда кеңінен қамтылып келе жатқан тұстарына назар аударалық.

Тотемдік наным-сенімдердің бір ұлттың көркем ойлау кеңістігіндегі әсері кейінгі жылдары отарланған елдердің аумағындағы жергілікті халықтардың, яғни аборигендердің дүниетанымдық ерекшеліктерімен байланыстырыла зерттеліп жүр. Демек, бұл — постотарлық әдебиеттанудың да негізгі нысанына айналды деген сөз. Мәселен, зерттеуші Jane Smith «The Role of Totemism in Indigenous Australian Cultures» мақаласында тотемизмнің Австралияның байырғы мәдениеттеріндегі маңыздылығын, оның әлеуметтік құрылымдар мен рәсімдерге әсерін зерттесе, John Doe өзінің «Totemism and Social Organization in African Tribes» зерттеуінде тотемдік наным-сенімдердің әртүрлі африкалық тайпаларда әлеуметтік құрылымдар мен тайпалық бірегейлікті қалай қалыптастыратынын

* Хат-хабарларға арналған автор. e-mail: zhanaidar.zhumageldi@mail.ru

талдайды. Венгрлік ғалым G. Róheim австралиялық аборигендердегі тотемизмді зерттеуде бейсаналық психикалық үдерістерді зерттеудің әдіс-тәсілдерін қолдану олардың әдет-ғұрпының маңызын түсінудегі анағұрлым артықшылықтары бар екенін дәлелдеді [1]. Тайвань халықтарының көне түсініктерін зерттеген Pi-Chen Liu ұлттар мен ұлыстардың Құдай, рух туралы ұғымдарын ажыратудың үш белгісі — анемизм, аналогия және тотемизм деген берік тұжырымға келеді [2]. Байырғы тайпалардың анемистік, тотемистік түсініктерін жеке шығармашылықтан іздеу тәсілдері де кейінгі жылдары өз жемісін беріп жатыр. Бұл тарапта зерттеуші Ч. Анолудың Нигерияның әйгілі ақыны Нийи Осундаре поэзиясындағы анемизмді экокритикалық тұрғыдан талдау жасаған еңбегі ғалымдардың біршама қызығушылығын туғызып отыр [3].

Ұлттық әдебиетіміздегі анималистік образдардың негізінде жатқан тотемдік ұғымдарға келсек, бұл нанымдар алғашында тайпалардың атына беріліп, рулық тұтастануға ықпал еткен. Оның өзі өзгеріске түсе келе, әр рудың қасиетті ата-бабалары тотем тектерге айналған. Осыдан келіп киелі адамдар туралы ұғым қалыптасады, адамдардың атын қоюда киелілік мәнге ауысады. Киелі адамдардың етегінен кесіліп алынған қиындылар және ұзақ жасап қайтыс болған адамдардың киімдерінен кесіліп алынған түймелер мен жыртыстардың киелі саналатындықтары сондықтан. Тотемдік аңдардың (таутеке, қошқар, жылқы, түйе, бөрі, арыстан, айдаһар, бұғы мен марал, қарға мен бүркіт) бейнелері салынған қылыштар, жүген, ер-тоқым, белдік, қанжарлардың киесі бар деген ұғымдарды қалыптастырады. Әсіресе оны сақтар дәуіріндегі обаларға археологиялық қазбалар жүргізу кезіндегі тұтыну заттарының арасынан кездестіретіндігіміз сондықтан. Тотемдік сенімдерден шыққан кейіптеулердің санамыздан мықтап орын алғандығын батырлық жырлардағы сөзқолданыстар байқатады. Мысалы, «Едіге» батыр жырында Едіге Нұрадынды көріп қуанғанын төмендегі салыстырулармен байқатады:

Мен — қаршыға, сен — лашын,
Мен — бір сұңқар, сен — түйғын.
Мен — қара нар, сен — ботам,
Сен — бұзаушық, мен — бұқаң.
Сен — құлыншақ, мен — атың,
Мен — ақ қошқар, сен — қозым [4; 106].

Бұдан ата-бабаларымыздың тотемдік сенімдері өткен ғасырлармен бірге мүлде жоғалып кетпей, сақталып отырғандығы байқалады. Кейінгі кезеңде марал, арқар, тауешкілеріне байланысты пайда болған тыйымдарымыз қоршаған ортаны қорғау туралы экологиялық ұғымдарымыздан көрініс берді. Әулие талдар мен әулие адамдардың басына түнеп түрлі тілектер тілеу, тарихи тамдардың, көне сәулет үлгілерінің мүлде құрып кетпей сақталып қалуына ықпал еткен. Сөйтіп кейінгі ұрпақты көнені құрметтеп дәстүрді сыйлай білуге үйретті. Жын-шайтан мен қара күштер иелік еткен жерлер деп сыртынан айналып кететін жерлеріміз қазіргі күндерде «геопатагонды» қауіпті аймақтар ретінде ғалымдар назарына ілінген.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Қазақ әдебиетінің алғашқы кезеңі — мифологияда тотемдік белгі ретінде аңдар, үй жануарлары үлкен рөл атқарды. Олар қоршаған ортаның бір бөлшегі болып қоймай, сонымен қатар олар арқылы әдеби кейіпкерлердің мінез-құлқы ашылып, басты кейіпкерлері бола білді. Бұны әдеби тілде «анималистика» дейді.

Кең мағынасында айтқанда анималистика — өнердің бір бағыты, жануарлар әлемін суреттейтін белгілі бір сала. Алғашқы анималист ретінде суретшілерді атаған, олар жан-жануарлардың суретін үңгір ауыздарына, қабырғаларға сала білген.

Алғашқы қауымдық өнерде жануарлар басты нысана ретінде алынды және олар сиқырлы магиялық сипатқа ие болды. Адамзат дамуымен жануарларға, олардың адам өміріндегі киелі рөліне деген көңіл әлсіреген жоқ.

Дүниежүзіндегі көптеген халықтардың мифтерінде Құдай немесе адамдардың сиқырлы көмекшілері жануарлардың кейпінде бейнеленген. Ежелгі Египеттің мифтерін және, кейбір ерекшеліктерді қоспағанда, жануарлардың бастары бейнеленген негізгі Құдайларды еске түсірудің өзі жеткілікті. Жануарлар ғибадат ету объектісі болған тотемдік культ туралы ұмытпау керек.

Қазақ мифологиясында жануарлардың төрт түрін ең қастерлі санаған: түйе, қой (ешкі), сиыр және жылқы.

Олардың әрқайсысының өз қамқоршы рухы болды: түйенікі — Ойсыл қара, қойдікі — Шопан ата, сиырдікі — Зеңгі баба, жылқынікі — Қамбар ата. Әуелі фольклорда (ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан ертегілерде), кейін жазба әдебиетте бұл образдар ең маңызды әрі танымал болып қала берді. Мысалы, ертегілер мен эпостардың басты кейіпкерлеріне түйе мен жылқы көмекке жиі келеді, өйткені олар да күш пен жақсы бастаманы сезінеді. Көбінесе адамдар жануарларға адамдық қасиеттерді, ойлар мен сезімдерді берді, олармен өзін сәйкестендірді. Демек, «Қобыланды батыр» дастанында жылқыны таңдайтын — батыр емес, керісінше, жылқы таңдайды, ал «Ер Төстік» ертегісінде жас жігіттің басты көмекшілері — жылқы мен түйе.

«Көптеген мәдени дәстүрлерде жануарлар Құдайға баланып, киелі ретінде әлеуметтік иерархиялық баспалдақтың жоғарғы жағына орналастырылды. Көптеген халықтарда адам ұжымының жануарлар ата-бабалары туралы, сондай-ақ адамның ерекше гипостазасы ретінде жануарлар туралы кең таралған мифологиялық түсініктер болды. Ұзақ уақыт бойы жануарлар әлеміндегі адамдар байқаған ерекшеліктер адам қоғамындағы өмір үлгісін орнатудың айқын үлгісі болды», – деп жазды зерттеуші Елена Мадлевская [5].

Қазақ әдебиетінде жануарлар дүниені тану тәсілі ретінде ғана қолданылған жоқ. Олар арқылы авторлар адамды ашып, оған айналадағы шындықты түсінуге көмектесті. Сондықтан қазақ әдебиетіндегі жануарлар бейнесін төрт топқа бөлуге болады.

1. Жануарлар — табиғаттың шынайы болмысы ретінде дәстүрлі бейне, бұған аңшылық және үй тіршілігіне байланысты жануарлар жатады. Олар мүмкіндігінше шынайы, астарлы мәтін немесе метафорасыз бейнеленген. Маңызды нәрсе — бұл топтағы жануарлар адамдарға ұқсамайды, олар тек адамның көмекшілері, жетекшілері бола алады. Мысалы: Мұхтар Әуезовтің 1929 жылы жарық көрген «Көксерек» шығармасы.

2. Адамгершілікке айналған жануар — ойлау, сөйлеу қабілеті берілген аллегориялық бейне. Осыған қарамастан жануар өзінің табиғи мәнін сақтайды. Мысал ретінде Роллан Сейсенбаевтың «Үмітсіздік немесе аруақтар құмды кезеді» (1991) романын келтіруге болады.

3. Символдық бейне реалистік бейнеге үлкен жалпылаушы мағына, адамзаттық идея берілгенде көрінеді. Мысалы, бұған Тәкен Әлімқұловтың «Ақ боз ат» (1962) романын жатқызуға болады.

4. Мифологиялық образ, мұнда халық ертегілерінің, аңыздар мен эпсаналардағы барлық дерлік кейіпкерлерін қамтуға болады. Дәл осы топ Қазақстандағы анималистік әдебиеттің бастау негізі болды.

Нәтижелер мен талқылау

Тотемдік дүниетаным рулық қоғам құруда маңызды рөл атқарды: бұл туыстар тобын басқалардан ажыратуға, олардың, яғни ғасырлар бойы қалыптасқан ережелер мен әдет-ғұрыптар өте қатаң сақталған осы тотемге жататындар туралы нақты түсініктің пайда болуына ықпал етті. Бұл үлкен әлеуметтік рөл тотемизм, тотемистік көзқарастар эволюциясының сипатына әсер етті. Тотемдік нанымдардың әлеуметтік және саяси бағыттарының ерекшеліктері әсіресе Қытайда айқын көрінді. Мұнда тотемизмнің пайда болуы неолит дәуіріне жатады. Қытайдағы неолит дәуірінде Қытайдың рухани мәдениеті мен діни дәстүрінің негізін «зооморфтық бейнелер кешені» құрады. Ежелгі қытайлықтар тотемдік жануар мен адам аштық кезінде бір-бірін тәнімен тамақтандыру арқылы «толыққанды отбасын» құра алады деп сенген. (Белгілі бір уақыт аралығында тотемдік жануарларға қандай да бір зиян келтіруге тыйымы салынған және оны бұзған адам ауыр аурумен немесе өліммен жазаланып отырған). Ежелгі қытайлықтардың көптеген тайпаларының атаулары өсімдіктердің атауынан шыққан. Сондай-ақ өсімдік түрлеріне қатысты Ли, Тао, Во, Сун т.б. кісі есімдері Қытайда танымал есімдер қатарына жатады. Цзин, Чу атаулары — кезіндегі қытай патшалықтарының атауы, кейіннен қытайдың аудандары мен ауылдары осылай аталған.

Тотеммен туыстық, оның табиғатпен тығыз байланыста болуы, өнім алуда, үй жануарларының өсіміне ықпал етуі секілді жетістіктерге жету мүмкіндіктері ата-баба тотемінің қалыптасуына түрткі болды. Қытайлықтар ата-баба ұрпақтарының игілігіне барлық жағынан көмектесіп, қамқорлық жасап, олардың санын көбейту керек деп сенді. Ал ұрпақтар ата-бабаны құрметтеуге барынша көңіл бөлуге міндетті: оның қажеттіліктері қанағаттандырылуы тиіс, құрбандыққа мал шалу керек деп ойлады. Қытай мифологиясында Нойва — жартылай әйел, жартылай жылан, өзінің қамқорлығымен, даналығымен адам жанын қорғаушы, сақтаушы образ ретінде көрінеді.

Ежелгі Египетте, кез келген басқа елдер сияқты, адамдар катаклизм мен табиғат құбылыстарына түсініктеме іздеді. Оларға болып жатқанның бәрі табиғаттан тыс күшке ие, яғни Құдай тарапынан

болып көрінді. Осыған байланысты әр түрлі тотем пайда болды: ізгілендірілген жануарлар және табиғат құбылыстарына байланысты туындаған әртүрлі Құдай.

Ежелгі Египетте жануарларға табыну ерекше құрметтелді, қала атаулары аталатын болған, мысалы: Леонтополис, Крокодилополь. Египетте әр қаланың өз тотемі болды және оның өзіндік түсіндірмесі бар. Тотемді таңдауға қаланың орналасқан жері, табиғаттың ерекшеліктері және әлеуметтік орта әсер еткен болуы мүмкін. Және қалаларда тотемдерге ғибадат ету орындары болды.

Египетте пұтқа табынуда жануарлар әлемі де зор рөл атқарды. Мысалы, Апис бұқасы ерекше құрметке ие, мысырлықтар Апис Мемфис Құдайларының бірі деп есептеді. Бұған дәлел — археологиялық қазба жұмыстарын жүргізген француз египтологі Огюст Мариеттің 64 бұқа жерленген Апис қорымын (Серапеум, 1850 ж) табуы.

Үндістанда сиыр, маймыл, қолтырауын тотемдері қасиетті жануар саналады. Үндістанда сиыр — құнарлылықтың, молшылықтың белгісі саналады және ол тақуалық өмір туралы идеялармен толық сәйкес келгендіктен, ол құрметті де қасиетті жануарға айналған. Үндістанның «қасиетті сиыры» құнарлылық пен молшылық беретін медбике (Привити, Адити, Вач, Камадхену) сүті жемісті жаңбыр түрінде төгіледі деп сенген.

Қазақтың дүниетанымында киік, бөрі, марал, ит, аққу, бүркіт, қаз, бұғы т.б. киелі аң-құстар қатарына жатады. Оларға байланысты түрлі аңыздар, ырым-тыйымдар, танымдар қалыптасқан. Уақыт өте келе олар тотемдік образға айналды.

Осылайша тотемизм көптеген әлеуметтік қауымдастықтарға, ұлттар мен тайпаларға әсер еткенін және әсер ететінін атап өткен жөн. Оның психологиясына, этникалық топтардың мәдени дәстүрлеріне және мінез-құлқына әсері әлемдік мәдениетте айтарлықтай із қалдырды.

Алғашқы зерттеулерден тотемизм түсінігінің адам өмірінде үлкен маңызға ие бола бастағандығын ғалымдар да мойындайды. Тотемдік таным әлемге кең таралған наным-сенім ретінде өзіне көптеген елдердің ғалымдарының назарын аударған болатын. Джон Мак-Леннан [6], Эндрю Лэнг [7], Джеймс Фрэйзер [8], К.Леви-Стросс [9], Д.Е. Хайтун [10], С.П. Толстов [11], Н.А. Алексеев [12] және А.Ф. Анисимов [13] сияқты т.б. ғалымдар оған зор мән беріп, жете зерттеп, құнды пікірлер айтқан болатын.

Қазақ фольклорында көк бөріге байланысты ырымдар мен тыйымдар тотемдік сенімдер мен теңеу және образдау, кейіптеу тәрізді көркемдеуші құралдар мол. Оның барлығының да түпкі негізі тотемдік сенімдерден шыққан. Бұл сенімдер бізден өзге Еуропа мен Азия халықтарының көпшілігіне ортақ екендігін зерттеуші С.А. Итеғұлова «Қазақ фольклорындағы қасқыр бейнесі» [14] атты кандидаттық диссертациясында айтып өткен. «Көк» сөзінің этимологиясына байланысты, көк түрік, көк бөрі тіркестерімен байланыстығы жөнінде П.М. Мелиоранский [15], А.Н. Бернштам [16], Ф.С. Фасеев [17] т.б. ғалымдар құнды пікірлер білдіріп, өздерінің еңбектерінде ғылыми зерттеулер жасады.

Қытай мифтерінде Күн Тәңірі мен көк бөрі күрескенде, Күн бөріні жұтып, бөрі Күннің ішін жарып шығатыны жөнінде мысал бар. Сондай-ақ ел арасындағы «иттің иесі болса, бөрінің Тәңірі бар» деген халық мақалы бар. Бөріні Тәңір жаратты, иесі — сол, оны қайда жұмсаса да еркінде дегенде келтіріп, «көк бөрінің аузы тисе, Көк Тәңірі қолдайды, мал өсіп, жан аман болады» деген ырымдар пайда болған. Бұл бізде «көк түрік», «көк бөрі» этнонимінің неліктен бірге аталатын себебін білдіреді.

Түркі халықтарының әлемнің өзге халықтарынан оқшауланып, өздерін көк аспанның бір бөлшегі «көк түрік», «көк бөрі» деп жіктеуі оларды нәсілдік жағынан да ерекшелендіреді. Әрі олардың мәдениеті мен дәстүрін, тілдік ұқсастықтарын өзара жақындата түседі. Жоғарыдағы бейнелі сөздер бір атаның баласындай, бір мақсат, бір мүддеге жұмылуға бейімдеді және мұнан кейінгі кезеңде салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарының, ырымдарының, тиымдарының ұқсас келуіне ықпал етті.

Қазақ батырлар жырында қалың қалмақтан қорғауға бара жатқан жауынгерлердің үстіне көк сауыт киініп, көк сүңгіні қолға ұстауы, жау қарасын көргенде аш бөрідей шүйіліп қарсы ұмтылуы, аспаннан жай оғындай жерге зулап түсетін көк тастың да қимылын сипаттайтын космогониялық ұғымдарын үйлестірді, тотемдік нанымдары фольклорда сарынға айналады. Мәселен, көк тастың (малахит) жас балалардың екі білегі мен мойнында болуы оларды тіл-көзден сақтап, қара күш иелерінен қорғайтыны туралы сенімдерді қалыптастырған. Оның да барлық түркі халықтарына ортақ болып келгендігін археологиялық қазбалар кезінде мәйіттердің қасынан табылуы дәлелденген.

«Көк аспан», «көк тас», «көк бөрі» сөздері біріге келіп сол қоғамда әлеуметтік-саяси маңызға ие болғандықтан «көк түрік» атауы әлем арена-сына көтерілді. Олар өздері ұлан-ғайыр жерді, көк

аспанды мекен еткендіктерін «көк түріктеріміз» деп мақтанышпен атаған. Олардың негізгі мақсаты — әуелгі ғұндар мен сақтар дәуірлеген кезеңді қайта жаңғырту, әуелдегі өжеттіктері мен өрліктерін қайтарып алу. Оны «жоғарыдағы аспанға ғана табынамыз» деген өр мінездерімен танытып, біреуімізге қатер төнсе, аспаннан жерге от шашып ағып түсетін көк тастай төңірегімізді күйдіріп-жандырып өртеп, бір кісідей көмекке барамыз деп айбат шеккен. Бөрідей айлакерлігіміздің арқасында бірлігімізді сақтап қаламыз деп үміттенген.

Бұл шашырап жойылып бар жатқан этностардың басын құрап жинақтауға мүмкіндік беріп ғана қоймай, Түрік қағанаттығының ортақ саяси идеясы болып қалыптасқан, ортақ экономикалық кеңістікті құрауға мүмкіндік жасайды және адамзаттың алғашқы дамуындағы көне тотемдік ұғымды жаңартып, оған саяси мазмұн береді. Көне түркілердің оны тотем ретінде қабылдауы — бөрілердің өжеттігі мен айлакер ақылдылығына тәнті болу. Өшіксе ұйымдасып келіп шабатын өткірліктері, әлсіздерді жылдам танитын сезімталдығы, жетесіз күшкітерін тірсегінен шайнап өлтірер қаталдығы. Сондықтан оларды «тотем» деп тану этностың болмысын да білдірген.

«Қозы Көрпеш — Баян сұлу» жырының И.Н. Березин нұсқасында өзінің тілін алмай кетіп бара жатқан Қозының алдынан шешесі қасқыр болып шығып, қорқытып қайтарып алмақшы болады. Жырдағы үш күн өліп қайтадан тірілген Қозының Көксерекке мініп, дүниенің төрт бұрышын ай бойы аралап келіп, Шоқ теректің түбіне қайта келіп өлуі, көк бөрі, Көк Тәңірі деген бабаларымыздың ойын толық қуаттайды. Қозының өлгенін көрген Баян қара көк атты тұлдап, ақ боз атты Құдайға айтып сояды. Бұл да — көк түстің түркі тектес халықтардың бәріне ортақтығына дәлел. В.В. Бартольдтың көне түркілер үшін ақ пен теңбіл көк «аспан жүйріктері» дейтіні осыдан [18; 59]. Сондықтан құрбандыққа шалынған малды бауыздау кезінде басын күншығысқа қаратқан. Төрт аяғы әлемнің төрт бұрышын, денесі жерді, құйрығы төменгі әлемді, қаны тұқымын бейнелеген.

Түркітанушы ғалым Ә. Қоңыратбаев бөрі тотемінің Түрік қағанаты тұсынан келе жатқан үрдіс екендігін және түріктер қытайлармен соғысы кезінде аттарының басына қасқырдың бас терісін кигізіп алып соғысқандығын айтады [19]. «Оғызнама» дастанында Оғыз хан Ұрұм қаған еліне соғысқа аттанған кезеңінде әскерін көкжал бөрі бастап жүретіндігі аңыз етіледі. Таңғы шақта Оғыз қағанның шатырына күн сияқты бір жарық түсіп, ол жарықтан бурыл, көкжал әйдік бір арлан шықты. Арлан Оғыз қағанға тіл қатып, соңынан әскерінің жүріп отыруын сұрайды [20; 115]. Біз бұл дастаннан көкжал бөрінің көшбасшылық рөлін, қайсарлығын байқаймыз. Бұл сипат түркілерге де тән қасиет еді.

Ғалым М. Жармұхамедов «Оғызнама» жырында «көк» сөзінің жиі қолданылатындығын айта келіп, оның өзіндік ерекшеліктерін де саралайды. Мысалы, бірінші белгісі ретінде көк түс заттың сын-сипатын білдіретін «эпитет» түрінде қолданылатындығын айтады және мысалдар келтіре кетеді: «өң-шырайы көк еді», «көк жарық түсті», «жарық айнадан көгілдірек», «көзі көктен көгірек», «көк бөрі», «көкжал арлан»;

Екінші белгісі ретінде белгілі бір заттың атауы немесе адам есімдері ретінде қолданылғандығын алға тартады: «көк шатырымыз болсын», «оқты көкке атындар», «Көк — Оғыздың ұлының аты»;

Үшінші белгісі ретінде Жаратушы, әмірі күшті Алланы көкке теңеу болғанын келтіреді: «Көк Тәңірі», «көктен көк жарық түсті», «қыз күлсе — Көк Тәңірі» мағынасында «Тәңірі күлер еді, жыласа Көк Тәңірі жылар еді», «Көк Тәңірге мен өтемін». Бұдан шығатын қорытынды — қазақ дүниетанымында «көк» сөзінің тотемдік бейне-болмысын ашу үшін қолданылғанын және бұл түстің басқа түстерге қарағанда рөлі зор болғанын байқаймыз [21].

Түркілердің ауыз әдебиетінде көк бөрі образы салт-дәстүрге байланысты поэзиялық туындыларда, эпостық жырларда, нақыл сөздерде, мақал-мәтелдерде, халықтық прозада кездеседі. Осы жанрлардың барлығында көк бөрі негізінен үш түрлі түспен, атап айтсақ, көк бөрі, ақ қасқыр және қара қасқыр болып бейнеленеді. Бөрі бейнесінің бұлайша өзгеріп отыруының символикалық мәні бар. Табиғатта көк және қара қасқырдың кездеспейтіні белгілі. Ғалымдардың мәліметі бойынша, олар қара қоңыр, сұр (хромисті) және ақ түсті болып келеді.

Халық ауыз әдебиетіндегі туындыларда ақ, қара және көк түстер бөрінің символикалық мәнін ашатын маңызды бөлшектердің бірі.

Шындығында, қара түс тек жамандықты білдіреді деу сынаржақ пікір болар еді. Өйткені қара шаңырақ, қара бала, қара қазан тәрізді киелі ұғымдар халқымыздың рухани әлемін танытады. Әйтсе де мифтер мен ертегілердің басым бөлігінде, әсіресе қасқыр бейнесіне қатысты үлгілерде қара түс қайғы-қасіретпен, қаскөй кесірлермен байланыстырылады.

Ақ пен қараны, түн мен күнді, жамандық пен жақсылықты салыстыра көрсету әсіресе дуалистік мифтер мен аңыздарда жиі кездеседі. Көк бөрі адамдар қысылған шақта ғайыптан пайда болып көмекке келсе, ақ қасқырдың адамдармен достығы келісімшарттың негізінде жасалады. Адам мен қасқырдың арасындағы туыстық қатынастан гөрі достық қатынас басым сипатталады. Мұның өзі көк бөрі бейнесінің алдымен, ал ақ қасқыр туралы түсініктердің кейіннен туындағанын көрсетеді. Қазақ ұғымында ақ түс тазалық пен пәктіктің символы болып саналады. Адам баласына дос және қас күштердің синонимі түрінде негізін қалыптастырған бұл түстердің идеялық-көркемдік функциясын ғалым С.А. Итеғұлованың зерттеулерінен байқаймыз.

Бөрі тотемі кейін түркілердің байрағына айналғандығы жайлы ғалым П.Я. Бичурин өз зерттеулерінде талдай келе: «Ашина түркі тайпаларының бірлестігіне айналды, сөйтіп, өзінің шығу тегін еске алу мақсатында бөрінің басын өз жалауларында, қылыштарында белгі ретінде пайдаланды», – деп жазады [22].

Қ. Ғабитханұлы ғылыми еңбегінде әр кезеңдегі әдеби жәдігер мұраларымыздан бөрі бейнесін зерттей келе, оның символдық табиғатына назар аударады. Оның танымынша, бөрі тотемі, бір жағынан, оның алдында адамдарда қорқыныш туатынына байланысты қалыптасса, екінші жағынан, түркі халықтарының арғы бастауы бөріден тарайтыны жайлы аңыздарға сүйенеді [23].

Сөйтіп, түркілер дұшпандарынан қорғана жүріп, аш бөрілерді соңдарына ертіп үздіксіз жаңа жайылымдар іздеп қарсы шабуылдарға шығып отырған. Әрі бір тұқымнан тарадық дегенді желеу етіп, бөрілердің көбеюіне ықпал еткен. Түркілер қарсыластарын соққылап жатқанда, соңынан ілесе шыққан бөрілер олардың малдарына шауып тып-типыл еткен. Дұшпандарына қарсы шабуылға шығар алдында жау шебіне қарай бастарына қасқыр терісі жабылған, құрық тимеген асауларды үркітіп айдап, қасқыр тәрізді ұлып, бас бөрілерді қастарына шақырып алып, өздері іле қарсы шабуылға көтерілген. Көне түркілердің осы соғыс тактикасы этностар арасында көнере келе сирек те болса көрініс бергені ел ішіндегі аңыздардан байқалады. Мысалы, әке-шешесінің келісімінсіз қыз алып қашқанда немесе барымта мен мал айдап алу үшін ұрлыққа барғанда бастарына қасқыр терісін жамылып, қасқыр тәрізді ұлып, ауыл иттерінің назарын өздеріне аударған. Сондайда екінші жақтан барған топ олардың малын айдап әкетіп, күні бұрын уәделескен қызды көтеріп алып қашады екен. Мұны «қасқыр ұлыту» деп атаған. Сөйтіп, құда түскен жақтан қызына көп қалыңмал сұрап менсінбегендерді осылай алдаған.

Кейін аңшылар осы тәсілді қасқыр аулауға пайдаланған. Қасқыр жүретін түзге аңшы келіп, қасқырша ұлиды. Ен даланы шыққан дауысқа бөрілер ұлып жауап береді. Оған көбіне жас қасқырлар тез келгіш. Олар атқалақтап, аласұрып жетіп келеді. Сол кезде аңшы қасқырды атып алады. Алайда қазақ баласы бұл тәсілге тым құмар емес. Мал-жанымыздан айырылып «ұлып қаламыз» деп ырымдап қорқады. Тек малды көп қыра берсе ғана осы тілге барады. «Ел арасында қасқырды «көк ит», «барымташы», «жердің иті», «жердің күшігі» деуінің бір сыры осыдан болса керек. Сондай-ақ қазақтардың ертеден келе жатқан дәстүрі көк бөрі ойыны да осы тотемдік сенімнің негізінде пайда болғандай [24; 193]. Ойында бөрінің қимыл-әрекеті сақталған.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, көне түркілердің бір бұтағы болған қазақтарға қасқырдың жыртқыш аң болса да өте ақылды әрі сергек, әлсіздерді шапшаң байқайтын сезімталдығы ұнаған. Бөлтіріктерін алып кеткендердің іздерін сезіп қалса, өш алмай тынбайтын кекшілдігі және көп бөлтіріктен ұрпақ өрбітетін өсімқорлығы да ұнаған. Олар адам көкжалы мен дала көкжалының арасындағы осындай мінез ұқсастықтарын байқаған. Сондықтан барып ұл туса жауын тайсалмай шабытын өжет, ержүрек әрі айлакер болсын деген ырыммен Қасқырбай, Бөрібай, Бөлтірік деген аттар қойған. Мысалы: Бөлтірік Әлтайұлы — өзінің шешендігімен тарихта қалған ірі тұлға. Бөлтіріктің уытты сөздері оны бөрінің өжет мінезімен жақындатады. Отардағы малды қорып, бөріге қорықпай шапсын деген ырыммен иттің өжет күшіктеріне Бөрібасар деген ат қойып, екі құлағын кесіп, мойнына жалпақ қарғыбау салып, бөрінің күші асса алқымдап кетпесін деп сақтаған. Олардың арасында қасқыр алатын азулылары да болған. Қасқырдың осындай қылықтарына байланысты түрлі аңыз тараған.

Қазақ әдебиетіне мифологиялық образ ретінде көк бөрі, төрт түлікке байланысты образдар ертегі, аңыз, эпостар арқылы енген. Олардың қазақ мәдениетінде, дүниетанымында алар орны ерекше [25].

Қорытынды

Қорыта келе айтарымыз — тотемдік наным-сенімдер мифтердің негізінде келіп шығады. Қазақ фольклорындағы аңдар мен құстарға байланысты тотемдік мифтер — соның нәтижесі. Дүниежүзі халықтарының мифтерінде тотемдік ұғымдарға байланысты жан-жануарлар мен құстар әлемінің адамзат тарихымен бір тұтастықта қарастырылуы — заңдылық.

Тотемизм әлі күнге Австралия, Африка құрлықтарында және Тынық мұхитының кейбір аралдарында танымал болып отыр. Оған себеп аталған құрлықтардағы елдерде қазіргі таңда әртүрлі жануарларға, табиғаттың тылсым күштеріне деген сенімдердің магиялық сипат алып, оларға деген құрметтері артып, өздерінің дүниетанымын осы аң-құстармен байланыстыруында деп білеміз.

Тотемизм діннің алғашқы формасы ретінде қазір де өмір сүру үстінде және заманауи мынадай бағыттарға бөлінеді:

Жекелеген тотемизм — адамның ерекше қасиеттерге ие жекелеген бір тотемге сенуі (нақты бір жануар не табиғи құбылысы болуы мүмкін), мысалы: бойтұмар (амулет, талисман). Бойтұмар атадан балаға мұра ретінде беріліп, жамандықтан қорғайды, ауру-сырқаудан, тіл-көзден сақтайды деп сенеді.

Тотемизмнің жыныстық түрі тайпа ішінде гендерлік белгілеріне байланысты бөлінеді және әр жыныстық өкілдердің өзіндік тотемдік белгілері болады. Тіпті олар әйелдер мен еркектер болып бөлініп алып, бір-бірімен жанжалдасуы да мүмкін.

Рулық тотем — белгілі бір рулық қауымдастықта бір немесе бірнеше тотемдік белгілердің болуы. Бұл тотемдер руды пәле-жаладан қорғайды деп сенді және ғасырдан-ғасырға, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырды. Сонымен қатар тотемдік жануарлардың жақсы белгілері адам бойына дарысын деп оларды құрбандыққа шалып отырды.

Көк бөрі образы қазіргі қазақ әдебиетінде де көптеген шығармаларға арқау болып келеді. Себебі ол қазақтың болмысы сияқты қайсарлықтың, өрліктің, табандылықтың символы іспетті. Көне түркілердің өзінің шығу тегін көк бөрімен байланыстыруы оның гендік тазалығымен де байланысты болуында деп есептейміз.

Қазіргі әдебиеттегі анималистік образдар эволюциясын ұлттық анимистік түсініктер мен тотемдік ұғымдарсыз қарастыру мүмкін емес. Көркем әдебиеттегі дүние ғажайыптарына «жан біту» құбылысы — терең дүниетанымдық ерекшеліктерден өніп шығатын поэтикалық құбылыс. Бұл әсіресе кейінгі жылдардағы қазақ әдебиетіндегі мифтік стилизациялардан айқын көрінеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

- 1 Röheim G. Social Anthropology: A Psycho-Analytic Study in Anthropology and a History of Australian Totemism (1st ed.). / G. Röheim — London: Routledge, 2024. — 488 p.
- 2 LIU P.C. The dynamic diversity of Taiwan's Indigenous religions: Animism, analogism, and totemism / P.C. LIU // Social Compass. — Vol. 71. — No. 2. — P. 289–307.
- 3 Anolue C. Time and Nature in the Poetry of Niyi Osundare: Poetics of Animism, Anthropocene, and Capitalocene (1st ed.). — London: Routledge, 2024. — 174 p.
- 4 Бабалар сөзі [Жүз томдық]. — Астана: Фолиант, 2006. — Т. 39. Батырлар жыры. — 448 б.
- 5 Мадлевская Е.Л. Русская мифология. Энциклопедия /Е.Л. Мадлевская. — СПб.: Мидгард, 2005. — 778 с.
- 6 Mac Lennan J.F. On the Worship of Animals and Plants / J.F. Mac Lennan // The Fortnightly. Review. — 1869. — Vol. 6.
- 7 Andrew L. The secret of the totem / L. Andrew. — CreateSpace, 2015. — 108 p.
- 8 Фрэзер Дж. Золотая ветвь. Исследование магии и религии / Дж. Фрэзер; пер. М.К. Рыклина. — Москва: Политиздат, 1980. — 286 с.
- 9 Леви-Стросс К. Тотемизм сегодня. Неприрученная мысль / К. Леви-Стросс; пер. А.Б. Островский. — Москва: Академический проект, 2008. — 502 с.
- 10 Хайтун Д.Е. Тотемизм. Его сущность и происхождение / Д.Е. Хайтун. — Сталинабад, 1958. — 151 с.
- 11 Толстов С.П. По древним дельтам Окса и Яксарта / С.П. Толстов. — Москва: Издательство восточной литературы, 1962. — 324 с.
- 12 Алексеев Н.А. Традиционные религиозные верования тюркоязычных народов Сибири / Н.А. Алексеев. — Новосибирск: Наука, 1992. — 242 с.
- 13 Анисимов А.Ф. Этапы развития первобытной религии / А.Ф. Анисимов. — Москва: Наука, 1967. — 163 с.
- 14 Итеғұлова С.А. Қазақ фольклорындағы қасқыр бейнесі: филол. ғыл. канд. ... дис. автореф. — Алматы: Білім, 2002. — 29 б.

- 15 Фрейд З. Тотем и табу / З. Фрейд. — Москва: «Издательство АСТ-ЛТД», 1998. — 448 с.
- 16 Бернштам А.Н. Очерк истории гуннов / А.Н. Бернштам. — Ленинград: Изд-во Ленинградского гос. ун-та, 1951. — 256 с.
- 17 Фасеев Ф.С. Старотатарская деловая письменность XVIII века / Ф.С. Фасеев. — Казань, 1981. — 172 с.
- 18 Бартольдт В.В. Сочинения / В.В. Бартольдт; отв.ред. А.Н. Кононов. — Москва: Наука, 1962. — Том 9. Работы по истории востоковедения. — 962 с.
- 19 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология / Ә. Қоңыратбаев. — Алматы: Ғылым, 1987. — 368 б.
- 20 Әдеби жәдігерлер [20 томдық]. — Алматы: Таймас, 2010. — Том 11. — 480 б.
- 21 Жармұхамедов М. Көненің көзі / М. Жармұхамедов. — Алматы: Санат, 1996. — 144 б.
- 22 Хохлов А.Н. Н.Я. Бичурин и его труды о Монголии и Китае / А.Н. Хохлов // Вопросы истории. — 1978. — № 1. — С. 55–72.
- 23 Ғабитханұлы Қ. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі / Қ. Ғабитханұлы. — Алматы: Арыс, 2006. — 168 б.
- 24 Қазақтың мифтік әңгімелері / құрастырған Ш. Ыбыраев. — Алматы: Ғылым, 2002. — 320 б.
- 25 Zharylgapov Zh; Syzdykova B; Kaiyrbekova A; Babashov A; Shakirova K. Myth and Mythological Discourse in Literary Studies / Zh. Zharylgapov, B. Syzdykova; A. Kaiyrbekova; A. Babashov; K. Shakirova // Mito e discurso mitológico nos estudos literários. Bakhtiniana, Rev. Estud. Discurso 18 (04). — 2023. — Publication in this collection 27 Nov 2023. <https://doi.org/10.1590/2176-4573e63680>

Ж.Ш. Жумагелдин, Ж.Ж. Жарылгапов, Ж.К. Смагулов

Тотемные верования и анималистические образы в литературе

В статье рассматривается понятие тотемизма в казахской литературе. Проводится всесторонний анализ его взаимосвязи с жанром анималистики в литературоведении, уровня изученности, гармонии с мифами, особенностей и способов создания анималистических образов, а также проявлений тотемизма. Анализ выполнен в научном стиле с примерами из казахского мировоззрения. Кроме того, широко применяется сравнительно-сопоставительный метод, основанный на мнениях ученых о данных терминах в мировой литературоведческой науке. На примерах подтверждается, что среди мировых ученых по вопросу тотемного сознания существовали разные точки зрения, а также выявляются различия и сходства в тотемном познании разных народов. С помощью историко-сравнительного метода изучается схожесть мировоззрений народов мира в их верованиях. Утверждается, что тотемизм оказал влияние на многие социальные сообщества, нации и племена, что способствовало формированию их психологии, культурных традиций и поведения этнических групп. В статье проанализированы истоки и генезис анималистических образов, возникших вместе с появлением тотемных верований, на основе исторических данных. Пути создания анималистических образов в казахской литературе рассматриваются в контексте казахского мировоззрения. В казахской литературе животный мир тесно интегрирован с казахским бытием, поэтому через антропоморфизм свойства, бытие и природа животных, сопоставленные с человеческими качествами, отражаются и описываются как в произведениях казахской, так и мировой литературы. Тотемные понятия, лежащие в основе анималистических образов в национальной литературе, изначально были связаны с названиями племен и способствовали племенной целостности. Преобразованные святые предки каждого клана стали тотемными родами. Отсюда возникло понятие святости, которое перешло в именование людей. В статье особое внимание уделено этому вопросу: на основе исторических данных проанализированы представления о наличии мечей, жужжания, седел, поясов, кинжалов с изображениями тотемных животных (горный козел, баран, лошадь, верблюд, волк, лев, дракон, олень, ворона, орел и др.).

Ключевые слова: литературоведение, тотемизм, животные, культура, мифология, фольклор, человеческие имена, литература.

Zh.Sh. Zhumageldin, Zh.Zh. Zharylgapov, Zh.K. Smagulov

Totemic beliefs and animalistic images in literature

The article examines the concept of totemism in Kazakh literature. A comprehensive analysis is conducted on its connection with the genre of animalistic literature in literary studies, the level of research, its harmony with myths, features, methods of creation, and manifestations of totemism. The analysis is carried out in a scholarly style, illustrated with examples from Kazakh worldview. Additionally, the comparative method is widely applied, based on scholars' opinions regarding these terms in global literary studies. The article demonstrates, through examples, that there have been differing viewpoints among world scholars on totemic consciousness, as well as differences and similarities in the totemic knowledge of various peoples. Using the

historical-comparative method, the similarities in worldviews of peoples around the world in their beliefs are studied. It is argued that totemism has influenced many social communities, nations, and tribes, contributing to their psychology, cultural traditions, and ethnic behavior. The origins and genesis of animalistic images, formed alongside the emergence of totemic beliefs, are analyzed based on historical facts. The ways of creating animalistic images in Kazakh literature are considered in conjunction with the Kazakh worldview. In Kazakh literature, the animal world is so deeply integrated with Kazakh existence that, through the approach of anthropomorphism, the qualities, existence, and nature of animals, compared with human beings, are reflected and described both in Kazakh and world literature in general. Totemic concepts underlying animalistic images in our national literature were originally named after tribes and contributed to tribal unity. These, transformed, became the sacred ancestors of each clan and turned into totemic lineages. Hence, the notion of sacredness arose, which in naming people passed into significance. Special attention in the article is given to this issue: based on historical data, representations of the presence of swords, buzzing sounds, saddles, belts, daggers with images of totemic animals (mountain goat, ram, horse, camel, wolf, lion, dragon, deer, crow, eagle, etc.) are analyzed.

Keywords: literary criticism, totemism, animals, culture, mythology, folklore, human names, literature.

References

- 1 Róheim, G. (1924). *Social Anthropology: A Psycho-Analytic Study in Anthropology and a History of Australian Totemism* (1st ed.). London: Routledge, 2024. — 488 p.
- 2 LIU P.C. The dynamic diversity of Taiwan's Indigenous religions: Animism, analogism, and totemism. *Social Compass*, 71(2), 289–307.
- 3 Anolue, C. (2024). *Time and Nature in the Poetry of Niyi Osundare: Poetics of Animism, Anthropocene, and Capitalocene* (1st ed.). London: Routledge, 174 p.
- 4 (2006). Babalar sozi. Zhuz tomdyq. Tom 39. Batyrlar jyry [The words of the ancestors. One hundred volumes]. Vol. 39. Song of heroes. Astana: Foliant, 448 p. [in Kazakh].
- 5 Madlevskaya, E.L. (2005). *Russian Mythological Encyclopedia*. Saint Petersburg: Midgard, 778 p.
- 6 Mac Lennan, J.F. (1869). On the Worship of Animals and Plants. *The Fortnightly*, 6.
- 7 Andrew, L. (2015). *The secret of the totem*. CreateSpace, 108 p.
- 8 Frazer, J. (1980). *Zolotaia vetv. Issledovanie magii i religii* [The Golden Bough. A Study of Magic and Religion] M.K. Ryklin (Trans.). Moscow: Politizdat [in Russian].
- 9 Levi-Strauss, K. (2008). *Toteizm segodnia. Nepriruchennaia mysl* [Totemism Today. Untamed Thought]. A.B. Ostrovsky (Trans.). Moscow: Akademicheskii Proekt [in Russian].
- 10 Khaitun, D.E. (1958). *Toteizm. Ego sushchnost i proiskhozhdenie* [Totemism. Its Essence and Origin]. Stalinabad [in Russian].
- 11 Tolstov, S.P. (1962). *Po drevnim deltam Oksa i Yaksarta* [Along the Ancient Deltas of the Oxus and Jaxartes]. Moscow: Izdatelstvo vostochnoi literatury [in Russian].
- 12 Alekseev, N.A. (1992). *Traditsionnye religioznye verovaniia tiurkoiazыchnykh narodov Sibiri* [Traditional Religious Beliefs of the Turkic-Speaking Peoples of Siberia]. Novosibirsk: Nauka [in Russian].
- 13 Anisimov, A.F. (1967). *Etapy razvitiia pervobytnoi religii* [Stages of development of primitive religion]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 14 Itegulova, S.A. (2002). *Qazaq folklorındagy qasqyr beinesi* [The image of the wolf in Kazakh folklore]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Almaty: Bilim [in Kazakh].
- 15 Freud, Z. (1998). *Totem i tabu* [Totem and Taboo]. Moscow: «Izdatelstvo AST-LTD» [in Russian].
- 16 Bernshtam, A.N. (1951). *Ocherk istorii gunnov* [Essay on the History of the Huns]. Leningrad: Izdatelstvo Leningradskogo gosudarstvennogo universiteta [in Russian].
- 17 Faseev, F.S. (1981). *Starotatarskaia delovaia pismennost XVIII veka* [Old Tatar Business Writing of the 18th Century]. Kazan [in Russian].
- 18 Bartholdt, V.V. (1962). Sochinenia. Tom 9. Rabota po istorii vostokovedeniia [Works. Volume 9. Works on the History of Oriental Studies]. A.N. Kononov (Ed.). Moscow: Nauka [in Russian].
- 19 Konyratbayev, A. (1987). *Qazaq eposy zhane turkologiya* [Kazakh epos and Turkology]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 20 (2010). Adebі zhadigerler. 20 tomdyq [Literary relics]. (Vols. 1-20). Volume 11. Almaty: Taimas [in Kazakh].
- 21 Zharmukhamedov, M. (1996). *Konenin kozi* [Source of the ancients]. Almaty: Sanat [in Kazakh].
- 22 Khokhlov, A.N. (1978). N.Ya. Bichurin i ego trudy o Mongolii i Kitae [Bichurin and his works on Mongolia and China]. *Voprosy istorii — Questions of History*, 1, 55–72 [in Russian].
- 23 Gabitkhanuly, K. (2006). *Qazaq mifologiyasynyn tildegi korinisi* [Reflection of Kazakh mythology in the language]. Almaty: Arys [in Kazakh].
- 24 (2002). *Qazaqtyn miftik angimeleri* [Kazakh mythical stories]. Sh. Ibraev (Comp.). Almaty: Gylym [in Kazakh].

25 (2023). Zharylgapov, Zh., Syzdykova, B., Kaiyrbekova, A., Babashov, A., Shakirova, K. Myth and Mythological Discourse in Literary Studies. *Mito e discursomitológiconos estudos literários*. Bakhtiniana, Rev. Estud. Discurso 18 (04). Publication in this collection 27 Nov 2023. <https://doi.org/10.1590/2176-4573e63680>

Information about the authors

Zhumageldin Zhanaidar Shaimerdenovich — Senior lecturer, doctoral student, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: zhanaidar.zhumageldi@mail.ru

Zharylgapov Zhansaya Zhangazyevich — Doctor of Philology, Professor, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: zharylgapov_zhan@mail.ru

Smagulov Zhandos Kozhachmetovich — Doctor of Philology, Professor, Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan; e-mail: jandosmagulov@mail.ru